

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жекелеген мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 қараша N 1708

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 P960281\_ және "М.Т. Оспановтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы" 2000 жылғы 24 шілдедегі N 1099 P001099\_ қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына **Марат Оспановтың есімі берілсін.**

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Кәсіпорынның әділет органдарында қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

- 1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**
- 2) "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1852 P991852\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 527 - қ ұ ж а т ) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Мемлекеттік кәсіпорындар" 2-бөліміндегі реттік нөмірі 30-жол мынадай р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"30. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы".

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК